



Кафедра: Дерматовенерология

Тақырыбы: Дерматологияда жергілікті емде қолданылатын дәрілік заттар



*Орындаған: Бекниязова А.А
Тобы: 728-2*

Жоспары:

- ✓ Дерматологияда жергілікті емде қолданылатын дәрілік заттар
- ✓ Дәрілік заттың формалары, қолданылулары
- ✓ Фармакологиялық әсеріне қарай жергілікті дәрілік заттардың жіктелуі

Тері- венерологиялық ауруларда жергілікті ем кең қолданылады. Этиологиялық, патогенетикалық және симптоматикалық түрде әсер етеді. Мысалы, қотырда бензилбензоат эмульсиясын жағу арқылы, аурудың қоздырғышына әсер ету арқылы науқасқа этиологиялық түрде, экземада кортикостероидты жақпамайын жағу арқылы аллергиялық-қабынулық әсер ету арқылы патогенетикалық ем, қышыну кезінде меновазин ертінідісімен сүрту арқылы симптоматикалық әсер етеміз.

- Тері ауруларымен ауыратын науқастарды емдегенде кез келген тері ауруларының тек қана жергілікті патологиялық құбылыс еместігін, оның бүкіл ағзадағы үлкен немесе кіші дәрежедегі жалпы, сонымен бірге, жеке мүшелеріндегі немесе жүйесіндегі өзгерістермен байланысты екендігін ескеру керек. Сондықтан, көп тері ауруларын емдегенде тек сыртқы терінің зақымданған ошақтарын жергілікті емдеумен ғана шектелмей, сонымен қатар жалпы емді қолдану қолдану қажет.

- Тері ауруларын емдеуде жергілікті ем қолдану әр түрлі мақсатты көздейді. Бірде ол аурудың тікелей себептерін жоюға, бірде басқа бір жағдайларда зақымданған жерді сыртқы тітіркендіргіш факторлар ықпалынан қорғау үшін қолданылады. Көбінесе жергілікті ем - симптоматикалық ем, терідегі патологиялық өзгерістерді және субъективті сезімді жоюға бағытталған.


Сонымен, жергілікті ем нәтижелі болуы үшін дәрінің мөлшерін, қолданылатын түрін дұрыс таңдай білу керек.

Жергілікті ем үшін пайдаланылатын дәрі-дәрмектерге мыналар жатады: ерітінділер (суда, спиртте), опа, паста, май, бұласыр, лак, қоймалжыңдар.

Фармакологиялық әсеріне байланысты жергілікті дәрілік заттарды бірнеше топқа бөліп қарастырамыз:

- ✓ Қабынуға қарсы
- ✓ Қышуға қарсы
- ✓ Кератолитикалық
- ✓ Микробқа қарсы
- ✓ Антисептикалық
- ✓ Фунгицидтік
- ✓ Паразитке қарсы
- ✓ Күйдіргіш әсері бар препараттар


- **Ерітінділер-** қатты және жұмсақ дәрілік заттарды ерітінділерде еріту арқылы алынатын сұйық дәрілік зат. Ерітінділерді дайындауда еріткіш ретінде (сулы ерітінділер үшін) дистильденген суды және (спиртті ерітінділер үшін) этил спиртіні қолданады. Сулы ерітінді жағу, сүрту, сулап таңу, ылғалды кебетін таңғыш, қыздырғыш компресс формасында қолданылады. Ал спиртті ерітінділер дезинфекциялық және қышуға қарсы сүрту және жағу арқылы қолданылады.
- Сулап таңу, ылғалды кебетін таңғыштар анық гиперемиямен және ісінумен көрінетін терінің жедел қабынулық күйінде қолданылады. Жылу беру мен жылу өткізу және булану арқылы теріні салқындату әсерінен қабынулық процестерді тежейді. Ерітіндінің температурасы неғұрлым төмен болса, қабынулық әсер сол ғұрлым жоғары болады.



Сулап-таңу үшін 4-5 қабат дәкені салқындатылған ерітіндіге сулап алып, терінің зақымданған жеріне басады. Әр 3-5-10 минут сайын қайтадан сулап отырады. Осылай 1-1,5 сағат жасап, 1-2 сағат үзіліс береді. Судың булануы нәтижесінде сулап-таңу теріні салқындатып, қан тамырларын тарылтады. Бұл әдісті терінің жедел ағымды қабыну процесстерінде - тері қызарып, ісініп, ылғалданып кеткенде қолданылады.

Ылғалды-кебетін таңғышты таңу әдісі: 4-5 қабат дәкені ерітіндіге батырып, зақымданған жерге жапыстырып, мақтамен жауып, бинтпен таңады. 3-4 сағат сайын жаңартып тұру керек.

Қыздырғыш компресс созылмалы қабынуда дымқыл жылуымен әсер етеді. Олар қанды кернетіп, зақымданған жерде зат алмасуын жақсартады және қабынулық сінбенің ыдырауына септігін тигізеді Көбінесе дезинфекциялық (анилин бояуы) және қышуға қарсы әсер ететін дәрілердің спирттегі ерітіндісі жағу немесе сүрту ретінде қолданылады.



Опалар

Опа ретінде химиялық қасиеті жағынан бейтарап, минерал немесе өсімдіктерден жасалған ұнтақтарды пайдаланады.

Минералдардан опаның құрамында тальк - магнидің кремний қышқылды тұзы (Talcum), мырыш тотығы (Zinci oxidi), ақ топырақ (Bolus alba), ал өсімдіктерден - крахмал, көбінесе бидай крахмалы (Amylum triticum) болады.

Опалар теріні құрғатады, майсыздандырады, жылу беруді күшейтеді, теріні суытады, қан тамырларын тарылтады. Сондықтан оны терінің жедел ағымды қабынуында, ісінгенде, қызарғанда, қышығанда қолданады.

- Жедел ағымды суланған қабынуда қолдануға болмайды, өйткені опалар жалқықпен қосылып, қабық қатып қалады, ол қабық теріні тітіркендіріп, қабыну процесін одан бетер асқындырады. Терлегенде тері қатпарларына крахмал қосылған опа жағуға болмайды, өйткені ол ашып-ірігенде одан жабысқақ зат пайда болып, терінің зақымдануын одан әрі күшейтеді. Кейбір дәрілерді индифференттік опалар негізінде пайдаланады, мысалы дезинфекциялық (бор қышқылы, сульфаниламидтер, т.б.), қышымаға қарсы (салицил қышқылы, ментол, т.б.) дәрілер.

Қоймалжындар: Бұл дәрілік форма индифферентті ұнтақтың суда немесе майда аралсуымен сипатталады. Ол су, глицерин және ұнтақ заттарынан тұрады. Су буланып ұшып кеткен соң ұнтақ зат бірқалыпты жұқа қабат түзеді және глицериннің арқасында бірнеше сағат бойы теріде сақталынады

Жедел және жеделдеу қабынулық процестерде қолданылады. Қою қосындылар майлы теріде қолдану ұсынылады. Беткей қабынулық әсер жылу беру механизмі арқылы жүзеге асады.



- **Гель.** Дерматологияда көбінде коллоидты дәрілік формалы гидро қоймалжындар қолданылады. Гельдер қоймалжыңды консистенциясы арқылы өзінің формасын сақтап , эластикалық және пластикалық эффект береді. Гельдің қабынуға қарсы әсері қою қосындылардағыдай жүзеге асады. Гельді алу үшін гидрофильді заттар қолданылады (желатин, агар-агар, гуммариабик), олар суда ісініп коллоидты жүйеге ауысады. Осыған әртүрлі фармакологиялық заттарды (гкс, фунгицидті, антибиотиктерді) қосып жасайды.

Паста



Индифференттік ұнтақтармен май немесе май сияқты заттардың арақатынасы тепе-тең қоспасы (мырыш тотығы, магнийдің кремний қышқылды тұзы, крахмал).

Ұнтақтың мөлшерін азайта отырып, жұмсақ паста дайындауға болады. Құрамындағы ұнтақтар, ылғалды сорып алатындықтан паста теріні құрғатады, температурасын төмендетеді, қан тамырларын тарылтады, ал құрамындағы май мүйізденген қабатты жұмсартып, тері арқылы дәрілердің сіңуін жеңілдетеді, бірақ пастаның бұл қасиеті майға қарағанда төмендеу. Пастаны терінің жеделдеу қабынуда жағады. Оның консистенциясы қою болғандықтан теріде жақсы сақталады, әсіресе пастаның үстіне опаны сепкенде, сыртқы тітіркендіргіштердің әсерінен теріні қорғайды.

Пастаның үстіне кейде таңғыш байлайды, ал терінің ұлпа қылшығы көп жерлерінде қолдануға болмайды. Теріге жағылған пастаны өсімдік майына батырылғанмен сүртіп тастайды.

Аэрозоль. Бұл дәрілік форманың құрамында газ бен сұйық немесе қатты заттардың араласуынан құралады. Аэрозоль герметикалық жабық баллонда жоғары қысымда сақталады. Әсер ету механизмі сұйық немесе қатты заттың фармакологиялық әсері арқылы жүзеге асады. Аэрозоль себілген жерде ол терінің жоғарғы қабаттарына дереу сіңу арқылы фармакологиялық әсер етеді.



Применение: различной степени воспаления кожи, в том числе сопровождающиеся мокнутием, пиодермией, осложненные воспалением микозы.


Крем

Тығыз немесе сұйық эмульсионды дәрілік форма. Құрамы май немесе май тәріздес заттан тұратын және сумен 2 :1 қатынасында араластырылған дәрілік зат. Эмульсиялардың мынандай түрлері қолданылады: сұйық эмульсиялар “судағы май” типінде және “ майдағы су ” типіндегі эмульсиялар қолданылады. Кремді өте жұқа қабаттап жылжыта отырып терінің бетіне жағады. Кремнің құрамындағы су салқындату эффектісі арқылы қабынуға қарсы әсер етеді. Ал ланолин, гигроскопиялық әсері арқылы суды сіңіріп салқындату және жібіту әсерін көрсетеді. Кремдер көбінде жеделдеу және созылмалы қабынулық процестер кезінде және де терінің құрғақтығында немесе эластикалық қабылеті төмендеген теріде қолданылады.

Действие: при нанесении кремов кожа смягчается и увлажняется, очищается от чешуек, корочек, при этом сохраняется ее дыхание, проявляется охлаждающий, сосудосуживающий, противовоспалительный эффекты

Применение: при сухой шелушащейся коже, трещинах, подост-рых дерматитах (экземах), зудящих дерматозах, некоторых инфильт-ративно-десквamatивных (псориаз, нейродермит, ихтиоз) и других дерматозах.





Жақпамай. Құрамында май және май тәріздес заттардан тұратын дерматологияда көп қолданылатын дәрілік форма. Майдың негізі ретінде вазелин, лаонлин, жануар майлары, өсімдік және минеральді майлар, гидrogenизирленген майлар қолданылады. Майдың негіздері теріні майсыздандырады, жұмсартады және оның эластикалық қабілетін арттырады. Сол арқылы қабынуды арттырып, инфильтрацияны үдетеді. Дәрілік форма терең ену арқылы дәрілік затты терінің беткі қабатында ылғалды буландыру арқылы ұстап тұрады. Сол себепті жақпамайды терең және ұзақ әсер ету үшін қолданылады. Жақпамайларды терінің гиперемиямен, псориаз, нейродермит, красный плоский лишай, хроническая экзема, ихтиоз, гиперкератозы инфильтрациямен, лихенификациямен көрінетін созылмалы қабынуында қолданылады.

Лак. Пленка тәріздес зат түзетін ұшатын тұтқыр сұйықтық. Лак органикалық еріткіштерде ерітіледі (этилді спирт, ацетон, эфир). Теріде лакты жаққаннан кейін тез кеуіп жұқа пленкалық қабат түзеді. Осы қабат арқылы адгезивті әсер етеді. Герметизация мен қысымның әсерінен лак терең инфильтрацияның сорылуын қамтамасыз етеді. Лактың құрамына әр түрлі дәрілік заттар кіреді: кератолитикалық, фунгицидтік, дезинфекциялық әсер көрсетеді.

Применение: для лечения орозолепелостей, бородавок, ногтевых пластинок при онихомикозах, при бляшечном псориазе, для отслойки рогового слоя.



- **Пластырь.** Қалың, тұтқыр, жабысқақ масса. Бұл массаны восктан, канифолиден, смоладан, ланолиннен алынады. Пластырь лак сияқты, бірақ одан тереңірек әсер етеді. Оны көбінесе мүйізді қабатты жібіту немесе жұмсарту үшін тағайындалады. Пластырь тітіркендіргіш әсері болғандықтан оларды қабынулық процестерде қолданбайды.

Действие: активное рассасывающее, отслаивающее, разрыхляющее, дезинфицирующее, фунгицидное в зависимости от вводимых веществ.

- *Применение:* для удаления ороговелостей, разрыхления ногтей, лечения ногтевого ложа при онихомикозах, при трихомикозах, веррукозной форме красного плоского лишая, ограниченном нейродермите, гнойно-воспалительных процессах в коже. Перед применением пластырь нагревают, очаг протирают спиртом (бензином). Меняют пластырь 1 раз в 2—3 дня.



Қабынуға қарсы дәрілік заттар - терідегі әр түрлі қабынулық дерматит кезінде қолданылады. Сулап таңудан жақпамайға дейін қолдануға болады. Қабынуға қарсы классикалық препараттарға тұтқыр сулап таңулар (Бурова сұйықтығы, күміс нитраты, түймедақ, шалфей, чередалардың тұнбасы мен шоптері). Қазіргі таңда қолданылатын қабынуға қарсы заттардың ішінен алдыңғы орынды глюкокортикостероидтар алады. (крем, жақпамай, гель және ерітінді түрінде)



Микробқа қарсы дәрілік заттар. Олар классикалық дезинфекциялық әсері бар агенттер (йод ерітіндісі, анилин бояуы, фурациллин, күміс нитраты, бор қышқылы), ал заманауи препараттарға құрамында антибиотигі және сульфаниламиді бар жақпамайлар мен эмульсиялар қолданылады.




Паразитке қарсы дәрілік заттар. Қотыр мен педикулезде бензилбензоаттың эмульсиясы, Спрегаль аэрозолі, Ниттифор ерітіндісі, Педилин сусабыны, 15 % Вилькенсон жақпамайы, 20-30 % күкірт майы қолданылады.



Кератолитикалық препараттар.

Мүйізді қабаттың жұмсаруын және түлеп түсуін қамтамасыз ететін кератоздарда қолданылатын дәрілік заттар. Салицил және сүт қышқылы және резорциннің жоғарғы концентрациясы жақсы әсер етеді.



Қышуға қарсы дәрілік заттар.

Симптоматикалық әсер етеді. Бұл препараттарға ментол, анестезин, димедрол, лимонды және сілітілі қышқылдар қолданылады. Бұл препараттарды көбінде спиртті ерітінді, крем, жақпамай ретінде қолданылады. Көбінде меновазин қолданылады. Ең жоғары қышуға қарсы әсер ететін заттар глюкокортикостероидтар.

Комплексті (қабынуға қарсы, микробқа қарсы, кератолитикалық, фунгицидтік) әсер ететін препараттар. Бұл топтың препараттары жоғары эффективті, жанама әсерлері аз препараттар болып келеді. Олар крем, жақпамай, аэрозоль, ерітінді ретінде қолданылады. Мысалы: тридерм (қабынуға қарсы, микробқа қарсы, фунгицидтік)



Қолданылған әдебиеттер:

- “Кожные и венерические болезни”
2006г Иванов О.И. -36 стр
- “Конспект лекции по
дерматовенерологии ” Сейткалиева
Е.В -155 стр
- “Кожные и венерические болезни”
2008г Соколовский Е.В -33 стр